

Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ,
тарих ғылымының докторы, профессор:

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ МЕН ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙЫРИДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНЕ СҮЙЕНГЕН



– Мәмбет аға, Әлкей Марғұлан қазақ халқының өркениеттік қалыптасуы мен жетілуін зерттеуде кімдердің еңбектеріне сүйенді?

– Әлкей Хақанұлы осы тақырыпты игеру ісінде ортағасырлық тарихшылар Мұхаммед Хайдар Дулати пен Қадырғали би Қосымұлының еңбектеріне иек артқан. Ғалым бұл екі тарихи тұлғаны да қазақ халқының тарихшылары ретінде қарастырады. Ә.Марғұлан 1941 жылы «Әдебиет және искусство» журналында «Мұхаммед Хайдар – қазақтың тұңғыш тарихшысы» деген мақаласын жариялайды. 1966 жылы бұл мақаласын толықтырып, «Білім және еңбек» (№ 2, 7) журналында қайта бастырады. Бұл әлемге әйгілі «Тарих-и Рашиди» авторының қазақ халқы мен оның мәдениетіне тікелей қатысы бар тұлға екендігін көрсетуге арналған алғашқы мақала болатын. Әлкей Хақанұлы Мұхаммед Хайдардың шыққан ортасы мен тегіне тоқталып: «Мұхаммед Хайдар туысы жағынан Ұлы жүз дулат руынан болады, оның арғы аталары – Орта Азия өлкесінде жасаған саяси-жұртшылық ісіне қатысып, тарихтан белгілі орын алған атақты билер. Халық аузында осы күнге дейін айтылатын атақты Майқы би, не кейін шыққан Ұлы жүз үйсін Төле би, бәрі бір ұлыстан тарап, халық мұңын ойлаумен аты шыққан кемеңгер адамдар болған», – дейді. Ал кітаптың қазақ тарихын зерттеуге байланысты маңызы жөнінде: «Бұл – қазақ туралы жазылған бірінші кітап, ...жүз жыл ішінде (1450-1540) болған уақиғаны суреттейді. Шағатай ұлысы мен Алтын орданың қалай азып-тозғанын, ол екеуінен тарап шыққан қазақ халқының саяси

тіршілігін баяндайды», – деген негізді тұжырым жасайды.

Ғалымның пікірінше, «Тарих-и Рашидиде» ерекше көңіл аударуға лайық мәселенің бірі – Қасым хан (1443-1520) билеген тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының өркениеттік ерекшелігі. Мұхаммед Хайдар қазақ халқының өмірін мемлекеттік деңгейде ұйымдастыра білген кемеңгер әрі тұлғалы адам болғандығын бөліп айтып, Қасым ханның тарихи бейнесін келістіре сипаттайды. Ұлы тарихшының бұл тұжырымы Қасым хан туралы халық аузында айтылатын «Қасым ханның қасқа жолы» дейтін даналық сөзбен де астарып жатыр. «Қасым хан, расында, қазақ жұртшылығының дұрыс өркендеуіне көбірек ой бөлген данышпан адамдардың бірі болған», – деп түйеді өз ойын Әлкей Марғұлан.

Жоғарыда айтылғандай, Әлкей Хақанұлының қазақ тарихына қатысты зор көңіл аударған еңбектерінің бірі – Қадырғали Қосымұлының «Тарих-и Оразмұхаммед» атты еңбегі. Бұл еңбектің де дерек көзі ретінде Қазақстанда арнайы талданылуы Ә.Марғұлан есімімен байланысты. «Күміс сандық құпиясы» атты мақаласында ғалым Ресей кітап қорларына түскен Оразмұхаммед сұлтанның кітапханасы жөнінде жазып, жалпы қозжазба мәдениетінің ортағасырлық қазақ қоғамына да тән болғандығына тоқталады. «Мұндағы ең қадірлі нәрсе, – деп көрсетеді Әлкей Хақанұлы, – сол кездегі мәдениетке үлгі болған Сыр бойындағы қалаларға көп тараған тарих, әдебиет, шежіре туралы айтылатын

кітаптардың өте сирек түрлерін жиып алуы. Сырдариямен байланысудың мәдениетке үлгі болатын бір келісті түрі – XVI ғасырдағы қазақтардың араб харпімен жазған хаттары. Оларда араб жазуы ғасырлар бойы толық қалыптасып, қазақтардағы жазу мәдениеті өзбек, түркімен, татарлардағы сияқты бір қалыпқа түскенін көрсетеді».

бар, терең хаттың бірі... Хат жоғалған. Тек Вельямин Степанов аударған орысша көшірмесі ғана сақталған».

Ә.Марғұлан академик Френнің сілтемелеріне сүйене отырып Оразмұхаммед сандығында сақталып, кейін қолжазба түрінде түрлі кітап қорларына шашырап кеткен шығармалардың тізімін де келтіреді. Олар «Насап



Бегазы-Дәндібай қорымындағы мәдени ескерткіштер

Ғалымның пікірінше, «қазақтардың арап харпімен жазған хаттарының ең ескі түрінің бірі – XVI ғасырдағы қазақ ханы Тәуекелдің орыс патшасы Федор Ивановичке жазған көлемді хаты. Бұл хатты Тәуекел аса көлемді түрде жазып, 1594 жылы Мәскеуге Құлмамбет жырау бастаған елші жіберді... Тәуекелдің хаты – қазақ әдеті бойынша кең толғаумен, қариялар келістіре айтатын тақпақ сөзбен, мәтел-жырмен қазақ тілінде әдемілен суреттелген пәлсапалық мәні

наме», «Дастан Едіге би», «Дастан Айсаулы Ямет», «Дастан Ақсақ Темір», «Сиыршы», «Дастан «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Тарих-и Рашиди», сияқты т.б. қолжазба кітаптар еді. Әлкей Хақанұлының пікірінше, «мұнда «дастан» деп аталған кітаптар тегісімен Қадырғали Жалайыридың жазғаны сияқты, соның стиліне келеді».

Сұхбаттасқан
Рауза МОЛДАЙЫПҚЫЗЫ